

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес сақтандыру міндеттемелерін бағалауға және олардың құрылымына, оларды бағалауды автоматтандыруға, сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне, оны келісу тәртібі мен мерзімдеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 84 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 желтоқсанда № 37733 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 47-1-бабының 2-тармағына және "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес сақтандыру міндеттемелерін бағалауға және олардың құрылымына қойылатын талаптар;
- 2) Сақтандыру міндеттемелерін бағалауды автоматтандыруға қойылатын талаптар;
- 3) Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне қойылатын талаптар;
- 4) Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесін келісу тәртібі мен мерзімдеріне қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту
Агенттігінің Басқармасының
2025 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 84 қаулысымен
бекітілген

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес сақтандыру міндеттемелерін бағалауға және олардың құрылымына қойылатын талаптар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес сақтандыру міндеттемелерін бағалауға және олардың құрылымына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 47-1-бабының 2-тармағына және "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес сақтандыру міндеттемелерін бағалауға және олардың құрылымына қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Талаптар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, оның ішінде исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдарына және Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру ұйымдарының филиалдарына қолданылады.

3. Талаптарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аквизициялық ақша ағындары – осы топ тиесілі болатын сақтандыру шарттарының портфелімен тікелей байланысты сатуға, андеррайтингке және сақтандыру шарттарының тобын жасауға арналған шығындарға негізделген ақша ағындары. Мұндай ақша ағындарына жеке шарттарға немесе портфельдегі сақтандыру шарттарының топтарына тікелей жатқызуға болмайтын ақша ағындары жатады;

2) актуарлық әдістер – актуарий сақтандыру міндеттемелерін есептейтін кезде қолданылатын есептеулердің экономикалық-математикалық әдістері;

3) актуарлық жорамалдар – сақтандыру міндеттемелерін бағалау кезінде актуарий қолданатын сандық және сапалық жорамалдар, оның ішінде сақтандыру төлемдері,

шығындардың жиілігі мен мөлшері, сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы, сақтанушылардың мінез-құлқы, шығындар деңгейі, пайыздық мөлшерлемелер, сондай-ақ қаржылық және экономикалық параметрлер жөніндегі болжамдар;

4) ауыртпалық салатын сақтандыру шарттары – бастапқы тану күні осы шарттарға жатқызылған шарттарды орындау бойынша ақша ағындары, бұрын танылған аквизициялық ақша ағындары және бастапқы тану күні осы шарттар бойынша туындайтын ақша ағындары жиынтығында қаражаттың таза әкетілуін білдіретін сақтандыру шарттары;

5) болжам жасалатын төлемдер – пайда алушының кәсіптік еңбекке қабілеттілігін жоғалту (бұдан әрі – КЕКЖ) дәрежесін ұзартуға (қайта куәландыруға) немесе Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы нәтижесінде залал шеккен адамдарға зиянды өтеуге байланысты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелері;

6) біріктіру — сақтандыру міндеттемелерін бағалау, есепке алу және көрсету мақсатында сақтандыру шарттарын топтастыру;

7) дисконттау мөлшерлемелерінің қисығы – болашақ ақша ағындарын ағымдағы құнға келтіру үшін пайдаланылатын әртүрлі мерзімге уақыт бойынша ақшаның құнын көрсететін пайыздық мөлшерлемелер тізбегі;

8) есептеу күні – сақтандыру міндеттемелерін есептеу жүргізілетін күн;

9) келтірілген шығындар – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жүргізілген төлемдерінің және мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындарының сомасы;

10) қайта сақтандырушының сақтандыру міндеттемелеріндегі үлесі – бұл сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қайта сақтандыру шарттарынан туындайтын, есептеу күні актуарлық есептеулер негізінде бағаланатын активтері немесе міндеттемелері;

11) қаржылық емес тәуекел – қаржылық тәуекелдерге жатпайтын тәуекелдер;

12) қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету (бұдан әрі – тәуекелдік түзету) – сақтандыру шарттарының орындалуына қарай қаржылық емес тәуекел нәтижесінде туындайтын ақша ағындарының сомасы мен мерзімдеріне қатысты белгісіздікті қабылдағаны үшін талап етілетін өтемақы;

13) қаржылық тәуекел – бір немесе бірнеше белгілі бір факторлардың: пайыздық мөлшерлеменің, қаржы құралы бағасының, валюта бағамының, бағалар индексінің, кредиттік рейтингтің немесе қаржылық емес ауыспалы үшін бұл ауыспалының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша тараптардың біріне тән болып табылмайтын жағдайда басқа да ауыспалының болашақтағы ықтимал өзгеру тәуекелі;

14) мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын – сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) жазбаша нысанда не сақтандырудың міндетті түрлері туралы Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында

көзделген тәртіппен мәлімдеген, ол бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмаған немесе толық көлемде жүзеге асырылмаған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қойылатын сақтандыру оқиғасының және (немесе) сақтандыру жағдайының туындағаны туралы және (немесе) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап;

15) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының шеңберіндегі ақша ағындары – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есепті күні болатын және қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының қолданылу мерзімінің ішінде оның талаптарын орындаумен тікелей байланысты құқықтары мен міндеттерінен туындайтын күтілетін кіріс және шығыс ақша ағындары;

16) сақтандыру міндеттемелері – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есеп айырысу күні актуарлық есептер негізінде бағаланатын міндеттемелері;

17) сақтандыру оқиғасы – сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына сәйкес алдағы уақытта сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін оқиға;

18) сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер – осы шарттар бойынша күтілетін болашақ түсімдерді шегергенде, қолданыстағы сақтандыру шарттарының қалған қолданылу мерзімі ішінде болуы мүмкін болашақ сақтандыру оқиғаларына байланысты сақтандыру міндеттемелерін бағалау;

19) сақтандыру түсімі – сақтандыру шарттары тобының шеңберінде көрсетілген сақтандыру қызметтері үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының танылған табысын білдіретін, ұйымның осындай қызметтерді ұсынудың орнына өтем алу құқығын көрсететін сома;

20) сақтандыру шарттарының портфелі – сақтандыру тәуекелінің біртектілігі белгісі бойынша біріктірілген және бірлесіп басқарылатын сақтандыру шарттарының жиынтығы;

21) сақтандыру шарттарының тобы – сақтандыру шарттарының портфелін кем дегенде бір жылдан аспайтын мерзім ішінде жасалған шарттарға және бастапқы тану кезінде:

ауыртпалық салатын;

олардың кейіннен ауыртпалық салатын шартқа айналу ықтималдығының болмауымен сипатталатын;

жоғарыда көрсетілген екі топқа жатпайтын сақтандыру шарттарына бөлу нәтижесінде айқындалған сақтандыру шарттарының жиынтығы;

22) сақтандыру шығындарын реттеу жөніндегі шығыстар – сақтандыру жағдайына қатысты туындаған сақтандырушының мүліктік мүддесіне келтірген залалдың (зиянның) көлемін бағалауға және оны азайтуға байланысты сараптама, консультациялық және өзге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қажетті ақша сомасы;

23) сегменттеу – сақтандыру шарттарын дұрыс бағалау мақсатында оларды портфельдерге, шығындық деңгейі бойынша топтарға және жылдық когорталарға бөлу;

24) туындаған сақтандыру шығындары бойынша міндеттемелер – бұрын болған, бірақ сақтандыру төлемдері толық немесе ішінара жүргізілмеген сақтандыру жағдайларына байланысты туындайтын сақтандыру міндеттемелерін бағалау;

25) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;

26) шартта көзделген қызметтер үшін маржа – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы топтағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарында көзделген қызметтерді көрсету шамасына қарай танитын қол жеткізілмеген пайданы білдіретін сақтандыру шарттары тобы бойынша активтің немесе міндеттеменің баланстық құнының құрауышы;

27) шығын құрауышы – сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемелердің бір бөлігі, ол күтілетін ақша қаражатының әкетілуінің ауыртпалық салынған шарт бойынша күтілетін түсімдерден асып кетуін білдіреді;

28) шығыстарды аллокациялау процесі – бұл сақтандыру міндеттемелерінің құрамындағы шығындарды дәл және негізделген көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру шарттарына тікелей жатқызылмаған жанама шығыстарды шығыстардың түрлері мен сақтандыру шарттарының топтары бойынша бөлудің жүйелі әдісі;

29) ірі шығын – тиісті сақтандыру шарттары тобы немесе портфелі бойынша орташа шығын деңгейінен айтарлықтай асып түсетін сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша шығынның мөлшері.

2-тарау. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес сақтандыру міндеттемелерін бағалауға қойылатын талаптар

4. Сақтандыру міндеттемелері 17 "Сақтандыру шарттары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес құрылады.

5. Актуарий сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есептілігінде қамтылған ақпарат және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атқарушы органы бекіткен Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесінде (бұдан әрі – Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесі) айқындалған өзге де ақпарат негізінде сақтандыру міндеттемелерін есептеуді жүзеге асырады.

6. Актуарий есепті тоқсаннан кейінгі айдың 12 (он екінші) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сақтандыру міндеттемелерін бағалау кезінде пайдаланылған жорамалдарды жан-жақты сипаттай отырып, қағаз тасымалдағышта ерікті нысанда сақтандыру міндеттемелерін бағалау жөніндегі негіздемені жасайды, оған актуарий қол қояды және ол сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында сақталады.

Актуарлық жорамалдардың тізімі мен қолдану тәртібі Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесінде белгіленеді.

7. Актуарий есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірілмейтін мерзімде Салық кодексінің талаптарына сәйкес көрсеткіштердің есептерін қоса алғанда, сақтандыру міндеттемелерін бағалау кезінде пайдаланылған жорамалдарды жан-жақты сипаттай отырып, актуарлық бағалау жүргізілуге тиіс сақтандыру міндеттемелерін бағалау жөніндегі негіздемені қағаз тасымалдағышта жасайды, оған актуарий қол қояды және ол сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында сақталады.

8. Актуарий есептеген сақтандыру міндеттемелері сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының әрбір тобы бойынша жеке-жеке қалыптастырылады. Сақтандыру міндеттемелерін есептеу кейіннен тәуекелдерді қайта сақтандыруға байланыссыз барлық жасалған сақтандыру шарттары бойынша ұйым қабылдайтын міндеттемелердің көлемі ескеріле отырып жүргізіледі.

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының тобы бойынша сақтандыру міндеттемелері сақтандырудың жалпы моделімен және (немесе) сақтандыру сыйлықақысын бөлу негізіндегі әдіспен бағаланады.

10. Сақтандыру сыйлықақысын бөлу негізіндегі әдісті актуарий төмендегі талаптардың бірін орындаған кезде сақтандыру міндеттемелерін бағалау үшін пайдалануы мүмкін:

1) сақтандыру шарттарының тобы әрқайсысы бойынша сақтандырып қорғаудың қолданылу кезеңі бір жыл немесе одан аз уақытты құрайтын шарттардан тұрады;

2) сақтандыру шарттарының тобы бойынша сақтандыру сыйлықақысын бөлу негізіндегі әдісті қолдану бағалаудың жалпы моделін қолдану кезінде алынған нәтижеден айтарлықтай ерекшеленбейтін өтеудің қалған бөлігі бойынша көбею немесе азаю жағына қарай 10%-дан аспайтын міндеттемелерді бағалау нәтижесін береді.

11. Суброгациялар, регресстер және жарамды қалдықтарды сатудан түскен ақша ағындары ақша ағындарының болжамында жеке есепке алынады және оларды басқа ақша ағындарымен араластыруға болмайды.

3-тарау. Сақтандыру шарттарын біріктіру, сегменттеу

12. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру тәуекелінің біртектілігі белгісі бойынша біріктірілген және бірлесіп басқарылатын сақтандыру шарттарының портфельдерін анықтайды. Біртектілігі жоқ тәуекелдерге ие сақтандыру шарттары әртүрлі портфельдерге енгізілуі тиіс.

13. Сақтандыру шарттарының портфельдері сақтандыру сыныптарына сәйкес жіктеледі. Сақтандыру шарттары портфельін сақтандыру тәуекелдерінің біртектілігі

белгісі бойынша жіктеуге рұқсат етіледі. Сақтандыру сыныптары бойынша жіктеуден өзгеше портфельді жіктеу, осындай жіктеудің негіздемесін көрсете отырып, Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесімен айқындалуға тиіс.

14. Сақтандыру шарттарының бір портфеліне кіретін сақтандыру шарттары бастапқы тану кезінде мынадай сипаттамаларға сәйкес топтастырылады:

- 1) ауыртпалық салатын сақтандыру шарттары;
- 2) бастапқы тану күні оларға қатысты олардың кейіннен ауыртпалық салатын шартқа айналуы туралы елеулі ықтималдық болмайтын сақтандыру шарттары;
- 3) жоғарыда көрсетілген екі топқа жатпайтын сақтандыру шарттары.

15. Бастапқы тану кезінде құрылған шарттар топтарының құрамы кейіннен қайта қаралмайды.

16. Бір жылдан астам айырмашылықпен жасалған сақтандыру шарттары, осы сақтандыру шарттарына қосымша келісімдерді қоспағанда, бір топқа енгізілмейді. Бір күнгізбелік жыл ішінде шығарылатын сақтандыру шарттары жылдық топты құрайды.

17. Сақтандыру шарттарының топтарын қосалқы топтарға бөлу Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесінде көзделген жағдайлар мен тәртіпке сәйкес рұқсат етіледі.

18. Сақтандыру шарттарының ауыртпалық салуын айқындау үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне сәйкес ауыртпалық салуға қатысты тест жүргізеді.

4-тарау. Сақтандыру міндеттемелерінің құрылымы

19. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қалыптастыруы міндетті сақтандыру міндеттемелері мыналарды қамтиды:

- 1) сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер;
- 2) туындаған сақтандыру шығындары бойынша міндеттемелер.

5-тарау. Бағалаудың жалпы моделі бойынша сақтандыру міндеттемелерін бастапқы бағалау

20. Бастапқы тану кезінде бағалаудың жалпы моделі бойынша сақтандыру шарттарының тобы бойынша сақтандыру міндеттемелері:

1) мынадай құрауыштардан тұратын сақтандыру шарттарын орындау жөніндегі ақша ағындарының:

- сақтандыру шарттары талаптарының орындалуына қарай туындайтын сақтандыру шарттары шеңберіндегі болашақ ақша ағындарын бағалау;

- Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесінде белгіленген дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып айқындалатын, ақшаның уақытша құнын және болашақ ақша ағындарымен байланысты қаржылық тәуекелдерді көрсету үшін түзетулер;

- қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету;

2) шартта көзделген қызметтер үшін маржаның сомасы ретінде бағаланады.

21. Ақша ағындары сақтандыру шарттары тобы бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей байланысты ақшалай қаражаттың барлық әкелінуі мен әкетілуін қамтиды және ай сайынғы негізде не тиісті сақтандыру шартының талаптарымен тікелей белгіленген кезеңділікпен есепке алынады.

22. Ақша ағындарына сақтандыру шарттарын орындауға байланысты тікелей және жанама шығыстар енгізіледі.

23. Шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының құрамында ескерілетін реттеуге арналған жанама шығыстар және жанама әкімшілік шығыстар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нақты сақтандыру шартына тікелей жатқызуға болмайтын әкімшілік шығыстарының бөлігі болып табылады. Аталған шығыстар үшін Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне сәйкес шығыстардың түрлері бойынша және сақтандыру шарттарының топтары бойынша шығыстарды аллокациялау процесі қолданылады.

24. Сақтандыру шарттары тобын бастапқы тану кезінде актуарий Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне сәйкес дисконттау мөлшерлемелерінің қисығын айқындайды.

Дисконттау мөлшерлемелерінің қисығы қаржы құралдарының нарықтық кірістілігі негізінде, сондай-ақ міндеттемелердің сипаттамаларын ескере отырып, өтімсіздік сыйлықақысына ықтимал түзетулер енгізу арқылы да айқындалуы мүмкін.

Сақтандыру шарттары тобын бастапқы тану күні айқындалған дисконттау мөлшерлемелерінің қисығы топқа жаңа шарттар қосылған кезде ай сайын жаңартып отыруға жатады.

25. Бастапқы тану кезінде шартта көзделген қызметтер үшін маржа сақтандыру шарттары тобы бойынша міндеттемелерді орындаумен байланысты күтілетін пайданы көрсетеді және тәуекелдік түзетуді ескере отырып, ақша қаражаты түсімінің күтілетін келтірілген құнының ақша қаражатының әкетілуінен асып кетуі ретінде айқындалады.

Шартта көзделген қызметтер үшін маржа Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған сақтандыруды өтеу бірліктері негізінде сақтандыру шарттары тобы үшін өтеу кезеңі ішінде амортизацияланады.

Топтағы сақтандыру өтемі бірліктерінің саны осы топқа енгізілген шарттар бойынша берілген жауапкершіліктің шекті көлемін білдіреді, ол шарт бойынша берілетін пайданың шамасын және сақтандыру өтемінің күтілетін ұзақтығын талдау негізінде әрбір шарт бойынша айқындалады.

26. Сақтандыру шарттарының тобы ауыртпалық салатын топ деп танылған жағдайда, шартта көзделген қызметтер үшін маржа 0 (нөлге) тең болады. Бұл ретте

сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемелердің құрамында шығын құрауышы қалыптастырылады, оны есептеу тәртібі Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалады.

Шығын құрауышы пайданың немесе шығынның құрамында танылады және сақтандыру түсімінің құрамына кірмейді.

6-тарау. Бағалаудың жалпы моделі бойынша сақтандыру міндеттемелерін кейіннен бағалау

27. Сақтандыру міндеттемелерін кейіннен бағалау кезінде сақтандыру міндеттемелері сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемелерді және туындаған сақтандыру шығыны бойынша міндеттемелерді қамтиды.

28. Бастапқы танылғаннан кейін актуарий сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша сақтандыру міндеттемесін әрбір есепті күнгі жағдай бойынша:

1) шарт бойынша болашақ кезеңдерде берілетін сақтандыру өтеміне жататын шарттарды орындау бойынша ақша ағындары;

2) есепті күнгі жағдай бойынша бағаланған, шартта көзделген қызметтер үшін маржа ретінде қайта бағалайды.

29. Сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша сақтандыру міндеттемелерін бағалау ең жақсы бағалау үшін ағымдағы болжамдарға сәйкес әрбір есепті күнгі жағдай бойынша қайта қаралады.

30. Жеке тұлғалардың өлім, мүгедектік, ауру ықтималдығы және олардың негізінде есептелген, жеке тұлғалардың алдағы өмір сүру ұзақтығына байланысты шамаларды қамтитын кестелерді таңдау портфельдің сақтандыру тәуекелінің ерекшеліктері ескеріле отырып немесе сақтандыру шарттарының тобы бойынша, сондай-ақ сақтандырылушылардың және (немесе) сақтанушылардың сипаттамалары негізінде жүргізіледі.

31. Зейнетақы аннуитеті шарттарын қамтитын сақтандыру шарттарының топтары үшін мынадай көрсеткіштер пайдаланылады:

2017 жылғы 1 шілдеге дейін жасалған сақтандыру шарттарына "Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 13 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18290 болып тіркелген) бекітілген Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдерін есептеу үшін жеке тұлғалардың өлім-жітім көрсеткіштерінен аспайтын көрсеткіштер пайдаланылады;

2017 жылғы 1 шілдеден кейін жасалған сақтандыру шарттарына "Зейнетақы аннуитетінің үлгілік шартын бекіту, Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесін,

сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, сондай-ақ сақтандыру төлемін индекстеу мөлшерлемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 45 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32831 болып тіркелген) бекітілген Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесіне 2-қосымшада көрсетілген зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдерін есептеу үшін жеке тұлғалардың өлім-жітім көрсеткіштерінен аспайтын көрсеткіштер пайдаланылады.

32. Есепті күнгі жағдай бойынша шартта көзделген қызметтер үшін маржа есепті кезең ішінде болған мынадай өзгерістер ескеріле отырып айқындалады:

- 1) есепті кезең ішінде сақтандыру шарттары тобының құрамына енгізілген шарттарға жататын маржа сомасының ұлғаюы;
- 2) шарттар тобы бастапқы танылған күнгі жағдай бойынша айқындалған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, маржа шамасына есептелген пайыздар сомасының ұлғаюы;
- 3) қалған қызметтерге жататын болашақ күтілетін ақша ағындарын бағалаудың өзгеруі нәтижесінде ұлғаюы немесе азаюы;
- 4) шетел валютасында көрсетілген міндеттемелерді қайта есептеу кезінде туындайтын бағам айырмаларының сомасына ұлғаюы немесе азаюы;
- 5) есепті кезең ішінде сақтандыру қызметтерін көрсетуге байланысты сақтандыру түсімінің құрамында танылған сомаға азаюы.

33. Ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі сақтандыру шарттарының топтары бойынша туындайтын ақша ағындарының мерзімі, валютасы және өтімділігі сияқты ақша ағындарының сипаттамаларын көрсетеді және Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалады.

34. Туындаған сақтандыру шығыны бойынша міндеттеме мыналарды қамтиды:

- 1) мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша міндеттемені (бұдан әрі – МРШМ) – шығынды реттеуге арналған шығыстарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есепті күнгі жағдай бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі орындалмаған немесе толық орындалмаған міндеттемелерінің бағасы;
- 2) болған, бірақ мәлімделмеген шығын бойынша міндеттемені (бұдан әрі – БМШМ) – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы басталу фактісі туралы Қазақстан Республикасының заңында немесе шартта белгіленген тәртіппен есепті немесе оның алдындағы кезеңдерде мәлімдемеген, есепті немесе оның алдындағы кезеңдерде болған сақтандыру жағдайларына байланысты туындаған шығынды реттеу жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерін бағалау;

3) тәуекелдік түзетуді.

35. МРШМ әрбір мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру оқиғасының және (немесе) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы және (немесе) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішін алған күннен бастап, қай күннің ерте келетініне байланысты, сақтандыру төлемін жүзеге асыру не сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы, не қай күннің ерте келетініне байланысты сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру төлемін алудан, оның ішінде сақтандыру оқиғасының немесе сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішті қараудан жазбаша бас тартуы туралы шешім шығарылған күнге дейін жеке қалыптастырылады.

Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша МРШМ қалыптастыру үшін Талаптардың 40-тармағында белгіленген негіздер болмаған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру оқиғасының және (немесе) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы және (немесе) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішін алған күннен бастап 3 (үш) жыл өткен соң МРШМ есептен шығаруды жүзеге асырады.

36. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылданған және (немесе) қай күннің ерте келетініне байланысты, сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру оқиғасының және (немесе) сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішін алған күннен бастап 3 (үш) жылдан асатын мерзімді құрайтын мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылданған өмірді сақтандыру шарты шеңберінде мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша МРШМ сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне дейін толық көлемде қалыптастырылады.

37. МРШМ мәлімделген шығын мөлшерінде қалыптастырылады.

Сақтанушыда (сақтандырылушыда, пайда алушыда) және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында шығынның мөлшері туралы жеткілікті ақпарат болмаған жағдайда МРШМ сақтандыру төлемі үшін жеткілікті мөлшерде, бірақ алдыңғы қаржы жылындағы немесе алдыңғы 2 (екі) қаржы жылындағы сақтандыру жағдайларының ұқсас тобы бойынша жүргізілген төленген талаптардың орташа мәнінен кем емес мөлшерде, мәндердің қайсысының үлкен болуына қарай қалыптастырылады.

Алдыңғы қаржы жылындағы немесе алдыңғы 2 (екі) қаржы жылындағы сақтандыру жағдайларының ұқсас тобы бойынша жүргізілген төленген талаптар туралы жеткілікті ақпарат болмаған жағдайда, МРШМ сақтандыру сыныбы бойынша өткен қаржы жылы немесе алдыңғы 2 (екі) қаржы жылы үшін жүргізілген төленген талаптардың орташа нарықтық мәнінен кем емес мөлшерде, мәндердің қайсысының үлкен болуына қарай қалыптастырылады.

Актуарий қажет болған жағдайда ірі болып табылатын төленген талаптардың орташа (орташа нарықтық) мәнін есептеуде есепке алынатын шығынды түзетуді жүргізеді.

Шығындарды ірі деп тану критерийлері Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесімен белгіленеді.

Шығын мөлшері туралы жеткілікті ақпараттың болмауына байланысты қалыптастырылған МРШМ мөлшері осы тармақтың екінші және үшінші бөліктеріне сәйкес есептелген олардың мөлшерлерін негізге ала отырып, әрбір қаржы жылының қорытындылары бойынша қайта есептеледі.

Шығынның мөлшерін растайтын құжаттар болған кезде немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін МРШМ мәлімделген және құжатпен расталған шығын мөлшерінде қалыптастырылады.

Сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша МРШМ-ның жалпы шамасы барлық мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша қалыптастырылған МРШМ-ні жинақтау жолымен айқындалады.

38. МРШМ сомасы актуарий есептейтін мәлімделген талаптар бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшерін қарауға және реттеуге тікелей байланысты болжамды шығыстар сомасына ұлғаяды.

39. МРШМ-ның есептік шамасы қажет болған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) төлеу бойынша сақтанушының (қайта сақтанушының) есептеу күнгі жағдай бойынша мерзімі өткен берешегінің сомасына (оның ішінде аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша берешек сомасына) азаяды.

40. Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мәселесі бойынша сот ісін жүргізу басталған жағдайда, МРШМ Талаптардың 37-тармағында белгіленген тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асыру мәселесі бойынша сот ісін жүргізу басталған күннен бастап соттың шешімі заңды күшіне енген күнге дейінгі кезеңде, бірақ сақтандыру төлемін жүзеге асыру күнінен ерте емес қалыптастырылады.

41. БМШМ есептеу мынадай актуарлық әдістермен жүзеге асырылады:

1) осы Талаптарға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Инфляцияға қарай түзетілмеген, болған, бірақ мәлімделмеген шығын бойынша міндеттемелерді тізбекті саты әдісімен есептеуге сәйкес инфляцияға қарай түзетілмеген және осы Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Инфляцияға қарай түзетілген, болған, бірақ мәлімделмеген шығын бойынша міндеттемелерді тізбекті саты әдісімен есептеуге сәйкес инфляцияға қарай түзетілген тізбекті саты әдісі.

Осы Талаптардың мақсаттары үшін тізбекті саты әдісі деп сақтандырушының есепті кезеңде немесе есепті кезеңнің алдындағы кезеңдерде болған сақтандыру жағдайлары

бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерін бөлу әдісі түсініледі.

Тізбекті саты әдісінде сақтандырушының міндеттемелерін бөлу сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлемдері (төленген шығыны) немесе шеккен шығыны негізінде құрылады.

Инфляцияға қарай түзетілген тізбекті саты әдісінде төлемдер (төленген шығын) немесе келтірілген шығын инфляция көрсеткішіне ұлғаяды;

2) осы Талаптарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Борнхьюттер-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson) әдісімен болған, бірақ мәлімделмеген шығын міндеттемелерін есептеуге сәйкес Борнхьюттер-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson) әдісі.

Борнхьюттер-Фергюсон әдісі міндеттемелерді бөлу төлемдер (төленген шығын) немесе келтірілген шығын негізінде құрылатын тізбекті саты әдісіне және келешектегі шығынның күтілетін шамасын айқындауға негізделген.

Келешектегі шығынның күтілетін шамасы еңбек сіңірілген сыйлықақының және осы Талаптарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелерді бөлу кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есепке алатын шығынның басталу кезеңінің алдындағы аяқталған қаржы жылдары бойынша есептелген полистер бойынша шығындылық коэффициентінің орташа мәнінен кем емес мөлшерін құрайтын шығындылық коэффициентінің көбейтіндісіне тең.

42. Полистер бойынша шығындылық коэффициенті тиісті қаржы жылына күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша шығынды реттеу жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, келтірілген шығын шамасының көрсетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақыларына қатынасы ретінде есептеледі.

Полистер бойынша шығындылық коэффициентін есептеу кезінде шығынды реттеу жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, келтірілген шығын және еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары есепті күнге дейін аяқталған қаржы жылдары бойынша есепке алынады.

Сақтандыру міндеттемелерін есептеу кезінде пайдаланылатын полистер бойынша шығындылық коэффициентін есептеу кезінде актуарий қажет болған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ірі болып табылатын шығынды түзетеді.

43. БМШМ-ді актуарлық әдістермен есептеу кезінде актуарий сақтандырушының міндеттемелерін келтірілген шығын негізінде бөлген жағдайда осы Талаптарға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Инфляцияға қарай түзетілмеген, болған, бірақ мәлімделмеген шығын бойынша міндеттемелерді тізбекті саты әдісімен есептеудің Жинақталған шығын кестесі осы Талаптарға 4-қосымшаға сәйкес Келтірілген шығын негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген шығын негізінде жинақталған шығын кестесіне сәйкес жинақталған

шығынның үшбұрышын құру үшін пайдаланылатын шығынның басталуының әрбір кезеңінің соңында мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын мен төлемдердің (төленген шығынның) жинақталған шамаларын қосу жолымен құрылады.

БМШМ-ді актуарлық әдістермен есептеу кезінде актуарий сақтандырушының міндеттемелерін келтірілген шығын негізінде бөлген жағдайда осы Талаптарға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Инфляцияға қарай түзетілген, болған, бірақ мәлімделмеген шығын бойынша міндеттемелерді тізбекті саты әдісімен есептеудің Өткен кезеңдердегі инфляцияға қарай түзетілген жинақталған шығын кестесі осы Талаптарға 4-қосымшаға сәйкес Келтірілген шығын негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген шығын негізінде жинақталған шығын кестесіне сәйкес жинақталған шығынның үшбұрышын құру үшін пайдаланылатын шығынның басталуының әрбір кезеңінің соңында мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын мен төлемдердің (төленген шығынның) жинақталған шамаларын қосу жолымен құрылады.

БМШМ-ді актуарлық әдістермен есептеу кезінде актуарий сақтандырушының міндеттемелерін келтірілген шығын негізінде бөлген жағдайда осы Талаптарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Борнхьюттер-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson) әдісімен болған, бірақ мәлімделмеген шығын бойынша міндеттемелер есебінің жинақталған шығын кестесі осы Талаптарға 4-қосымшаға сәйкес Келтірілген шығын негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген шығын негізінде жинақталған шығын кестесіне сәйкес жинақталған шығынның үшбұрышын құру үшін пайдаланылатын шығынның басталуының әрбір кезеңінің соңында мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын мен төлемдердің (төленген шығынның) жинақталған шамаларын қосу жолымен құрылады.

44. Егер есепті күні БМШМ мәні алдыңғы есепті күнмен салыстырғанда 30 (отыз) пайызға астам төмендеуі болжанса, БМШМ есептеу үшін осы Талаптардың 41-тармағында көрсетілген БМШМ ең үлкен мөлшерін көздейтін актуарлық әдіс қолданылады.

45. Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша шартты қамтитын портфель бойынша БМШМ екі бөліктен тұрады және мынадай формула бойынша айқындалады:

$БМШМ = Б\dot{М}ШМ + БТМШМ$, мұнда:

Болған, бірақ әлі мәлімделмеген шығын бойынша міндеттеме (бұдан әрі - Б\dot{М}ШМ) осы Талаптардың 41-тармағында көрсетілген актуарлық әдістермен есептеледі. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша қызметін 3 (үш) жылдан кем жүзеге асырған не Талаптардың 41-тармағында көрсетілген әдістермен Б\dot{М}ШМ есептеу үшін деректер жеткіліксіз болған жағдайда, Б\dot{М}ШМ есептеу күнінің алдындағы соңғы он екі айда күшіне енген осы сынып

бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қосымша келісімдер бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақы сомасының 5 (бес) пайызынан кем емес болады.

Актuariй зиян келтірілгенде сақтандырушының міндеттемелерін бөлген жағдайда актуарлық әдістермен БӘМШР есептеген кезде осы Талаптарға 1-қосымшаға сәйкес Тізбекті саты әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз болған, бірақ мәлімделмеген зияндар міндеттемелерін есептеудің жинақталған шығындар кестесі Талаптарға 4-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген шығындар негізінде жинақталған зияндар кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған шығындар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын зияндар басталған әр кезең аяғында жинақталған төлемдер шамасын (төленген зияндар) қосу арқылы құрылады.

Актuariй зиян келтірілгенде сақтандырушының міндеттемелерін бөлген кезде актуарлық әдістермен БӘМШМ есептеген кезде осы Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тізбекті саты әдісі бойынша инфляцияға түзетумен болған, бірақ мәлімделмеген зияндар міндеттемелерін есептеуінің Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен жинақталған зиян кестесі Талаптарға 4-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген зиян негізінде жинақталған шығындар кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған шығындар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын зиян басталған әр кезең аяғында жинақталған төлемдер шамасын (төленген зиян) қосу арқылы құрылады.

Актuariй зиян келтірілгенде сақтандырушының міндеттемелерін бөлген кезде актуарлық әдістермен БӘМШМ есептеу кезінде осы Талаптарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Борнхьюттер-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson) әдісімен болған, бірақ мәлімделмеген зияндар міндеттемелерін есептеуінің жинақталған шығындар кестесі Талаптарға 4-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген шығындар негізінде жинақталған зияндар кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған зияндар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын зияндар басталған әр кезең аяғында жинақталған төлемдер шамасын (төленген зиян) қосу арқылы құрылады.

Болған, бірақ әлі толық мәлімделмеген шығын бойынша міндеттеме (бұдан әрі - БТМШМ) – КЕКЖ дәрежесін белгілеуге және Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеуге байланысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылған пайда алушылар бойынша есептеледі

БТМШМ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша КЕКЖ дәрежесін ұзартуға (қайта куәландыруға) және Азаматтық

кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеуге байланысты күтілетін міндеттемелерді бағалау мақсатында қалыптасады.

БТМШМ КЕҚЖ дәрежесі белгіленген және ол бойынша қайта ұзарту (қайта куәландыру) күтілетін әрбір пайда алушы бойынша жеке айқындалатын КЕҚЖ дәрежесін ұзартуға (қайта куәландыруға) байланысты және Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға залалды өтеуге байланысты болжанып отырған төлем сомасына тең.

БТМШМ есептеу Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 28 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6156 болып тіркелген) бекітілген Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу қағидаларына және аннуитет шарты мен сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейіне қойылатын талаптарға 2-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Әрбір пайда алушы бойынша болжанған төлемдерді бағалау мақсатында КЕҚЖ дәрежесін белгілеу мерзімін ұзарту, 100 (жүз) пайыз төлемді жүзеге асыру ықтималдылығымен Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнетақы жасына жеткенге дейін жүзеге асырылады.

Болжанған төлемдерді бағалау мақсатында БТМШМ 100 (жүз) пайыз ықтималдылығымен Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеуге құқығы бар әрбір адам бойынша қалыптастырылады.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына пайда алушының КЕҚЖ дәрежесін қайта ұзартуға (қайта куәландыруға) байланысты аннуитет шартын жасасу жөніндегі өтініш аннуитет шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін 2 (екі) жыл ішінде түспесе және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы:

1) аннуитет шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін пайда алушының КЕҚЖ дәрежесін ұзарту (қайта куәландыру) туралы ақпараты болмаса, онда актуарий қажет болған жағдайда БТМШМ есебінен пайда алушы бойынша болжанатын төлемдердің келтірілген сомасын алып тастайды;

2) аннуитет шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін пайда алушының КЕҚЖ дәрежесін ұзарту (қайта куәландыру) туралы ақпаратқа ие болса, онда актуарий болжанатын төлемдерді бағалауды пайда алушының кәсіби пайымын негізге ала отырып, актуарий есептеген қайта өтінішінің ықтималдығын ескере отырып жүзеге асырады.

"Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру)

шарттарының топтары бойынша МТҚ есептеуді жүзеге асыру кезінде "Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде жазатайым жағдайлардан оны міндетті сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды және ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 28 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6156 болып тіркелген) көзделген өлім-жітім кестесінен аспайтын өлім-жітім көрсеткіштері пайдаланылады.

Актуарий актуарлық әдістермен БМШМ және (немесе) БӘМШМ есептеу кезінде шығындардың даму факторларын теңестіру мақсатында, қажет болған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ірі болып табылатын шығындарды түзетуді жүргізеді.

46. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруды қоспағанда сақтандыру сыныбы бойынша қызметті 3 (үш) жылдан кем жүзеге асырған немесе осы Талаптардың 41-тармағында көрсетілген актуарлық әдістермен БМШМ есептеу үшін деректер жеткіліксіз болған жағдайда БМШМ есептеу күнінің алдындағы соңғы 12 (он екі) айда күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қосымша келісімдер бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақы сомасының 5 (бес) пайызынан кем емес болады.

47. Ипотекалық сақтандыру сыныбы бойынша шарттарды қамтитын портфель бойынша БМШМ шамасы есептеу күнінің алдындағы соңғы 12 (он екі) айда күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қосымша келісімдер бойынша сақтандыру сыйлықақы сомасының кемінде 60 (алпыс) пайызын құрайды.

48. Туындаған сақтандыру шығындары бойынша міндеттемелерді дисконттау сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне сәйкес актуарлық жорамалдар негізінде жүргізіледі.

Пайда болған сақтандыру шығындары бойынша міндеттемелерді есептеу кезінде ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылатын кірістілік мөлшерлемесі сақтандыру міндеттемелерінің өтімділігі мен ерекшеліктеріне түзетілген тиісті валютаның тәуекелсіз кірістілік қисығы негізінде не сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне сәйкес кредиттік тәуекелден тазартылған қаржы құралдарының нарықтық кірістілігі негізінде айқындалады.

Талаптардың 46-тармағына сәйкес БМШМ есептеу жағдайында БМШМ сомасы дисконтталмайды.

7-тарау. Сыйлықақыны бөлу негізінде сақтандыру міндеттемелерін бағалау

49. Ұйым сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсілді қолданған кезде сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер мынадай түрде есептеледі:

1) бастапқы тану кезінде:

$C0M0 = C0 - Ak0$, мұнда:

$C0M0$ – бастапқы тану сәтіндегі сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер;

$C0$ – бастапқы тану кезінде алынған сақтандыру сыйлықақылары;

$Ak0$ – ұйым осы төлемдерді шығыстар ретінде тануға шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, осы күндегі жағдай бойынша аквизициялық ақша ағындары.

50. Кейінгі есепті күндеріндегі жағдай бойынша тепе-тең бөлу әдісін пайдалана отырып сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемелерді бағалау мына формула бойынша айқындалады:

$C0QMt = C0QM_{t-1} + Ct - Akt + AMt - Kt$, мұнда:

$C0QM_{t-1}$ – $t-1$ кезеңіндегі жағдай бойынша бағаланған сақтандырудың қалған бөлігі бойынша міндеттемелер;

Ct – t кезеңінде алынған сақтандыру сыйлықақылары;

Akt – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы төлемдерді шығыстар ретінде тануға шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, t кезеңіндегі аквизициялық ақша ағындары;

AMt – t кезеңіндегі аквизициялық ақша ағындарының амортизациясына байланысты кез келген сомалар;

Kt – t кезеңінде қызмет көрсету салдарынан сақтандыру кірісі ретінде танылған сома.

51. Сыйлықақыны бөлу негізінде бағаланған әдіспен портфельдер бойынша туындаған сақтандыру шығындары бойынша міндеттемелер осы Талаптардың 34 - 48-тармақтарына сәйкес есептеледі.

52. Сыйлықақыны бөлу негізіндегі әдіспен бағаланған міндеттемелерді дисконттау Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне сәйкес актуарлық болжамдар негізінде жүргізіледі.

8-тарау. Тәуекелдік түзету

53. Тәуекелдік түзету Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне сәйкес сақтандыру шарттарының топтары бойынша сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер және туындаған зиян бойынша міндеттемелер үшін бөлек есептеу күніндегі жағдай бойынша айқындалады.

Тәуекелдік түзетуде сақтандыру тәуекелі, шартты бұзу тәуекелі және шығыстардың өсу тәуекелі ескеріледі, бірақ олармен шектелмейді.

54. Тәуекелдік түзетуді есептеу Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне сәйкес сенімгерлік деңгей негізіндегі әдіспен жүзеге асырылады.

55. Сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемелерге тәуекелдік түзету сақтандыру шартының мерзімі ішінде амортизациялануға тиіс.

56. Тәуекелдік түзетудің абсолюттік мәні жаңартылған ақша ағындары және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары тобына тән шартсыз қаржылық емес тәуекелдерді өзекті бағалау негізінде әрбір есепті күндегі жағдай бойынша қайта қаралуға тиіс.

Тәуекелдік түзетудің пайызы (коэффициенті) тәуекел деңгейі өзгерген жағдайда ғана қайта қаралады.

57. Сыйлықақыны бөлу негізінде бағаланған әдіспен портфельдер бойынша сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемелерге тәуекелдік түзету есептелмейді.

9-тарау. Қайта сақтандырушының сақтандыру міндеттемелеріндегі үлесі

58. Қайта сақтандыру шарттары үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қайта сақтандыру шарттарының портфельдерін сәйкестендіру үшін сақтандыру шарттарына қатысты сияқты ұқсас өлшемдерді қолданады.

59. Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру міндеттемелері сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемелердегі қайта сақтандырушының үлесін және туындаған сақтандыру шығындары бойынша міндеттемелердегі қайта сақтандырушының үлесін қамтиды.

60. Қайта сақтандыру шарттары бойынша ақша ағындарын бағалау (күтілетін өтемақыларды бағалауды қоса алғанда) сақтандыру шарттары үшін қолданылатын: ықтимал ақша ағындарының сценарийлері, дисконттау мөлшерлемелері, шығындардың даму құрылымы және төлемдердің ұзақтығы, тәуекелдік түзету сияқты өлшемдерді пайдалана отырып жүзеге асырылады.

61. Сақтандыру міндеттемелеріндегі қайта сақтандырушының үлесін бағалау кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қайта сақтандырушының өз міндеттемелерін орындамау тәуекелін ескеруге міндетті. Бұл тәуекел болашақ ақша ағындарының ағымдағы құнын есептеу кезінде қосылады.

62. Қайта сақтандырушының өз міндеттемелерін орындамау тәуекелін бағалау әдістемесі Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалады.

63. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында қайта сақтандырудың барлық талаптарын көрсете отырып, қайта сақтандырушының (қайта сақтандырушылардың) қайта сақтандыруға (акцептке) тәуекелдерді қабылдағаны туралы жазбаша нысанда растауы болған жағдайларды (оның ішінде қайта сақтандырушы қабылдаған сақтандыру сыйлықақысының, қайта сақтандыру шарты бойынша міндеттемелердің, жауапкершілік лимитінің, цедент комиссиясының, сақтандыру брокері және (немесе)

Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы комиссиясының мөлшерін) қоспағанда, қайта сақтандыру шарттарының (қосымша келісімдер) топтары бойынша сақтандыру міндеттемелеріндегі қайта сақтандырушының үлесі 0 (нөлге) тең.

Бұл ретте, қайта сақтандырудың барлық талаптарын (оның ішінде қайта сақтандырушы қабылдаған сақтандыру сыйлықақысының, қайта сақтандыру шарты бойынша міндеттемелердің, жауапкершілік лимитінің, цедент комиссиясының, сақтандыру брокері және (немесе) Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы комиссиясының мөлшерін) көрсете отырып, қайта сақтандырушының (қайта сақтандырушылардың) қайта сақтандыруға (акцептке) тәуекелдерді қабылдағаны туралы жазбаша нысанда растауы болған жағдайда, сақтандыру міндеттемелеріндегі қайта сақтандырушының үлесі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында қайта сақтандырудың барлық талаптарын (оның ішінде қайта сақтандырушы қабылдаған сақтандыру сыйлықақысының, қайта сақтандыру шарты бойынша міндеттемелердің, жауапкершілік лимитінің, цедент комиссиясының, сақтандыру брокері және (немесе) Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы комиссиясының мөлшерін) көрсете отырып, қайта сақтандырушының (қайта сақтандырушылардың) қайта сақтандыруға (акцептке) тәуекелдерді қабылдағаны туралы жазбаша нысанда растауы бар қайта сақтандырушы жауапкершілігінің тиісті үлесіне теңбе-тең деп расталуға тиіс.

64. Қайта сақтандыру шартын алғанға дейін қайта сақтандырушының (қайта сақтандырушылардың) қайта сақтандыруға (акцептке) тәуекелдерді қабылдағаны туралы растау ретінде Заңның 17-бабының 9-тармағына сәйкес сақтандыру брокері мен Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының қызметін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін айқындайтын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес қайта сақтандыру ковернотасы не қол қойылған парағы бар қайта сақтандыру слипі де қабылданады.

Халықаралық қаржылық
есептілік стандарттарына сәйкес
сақтандыру міндеттемелерін
бағалауға және
олардың құрылымына
қойылатын талаптарға
I-қосымша

Болған, бірақ мәлімделмеген шығындарды тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз есептеу Есепті кезең: 20__ жылғы "___" "_____ " жағдай бойынша

Нысан

_____ бойынша есепті күнге шығындар кестесі
сақтандыру шарттары тобы

Шығындар кестесі _____ шығындар негізінде құрылды
(төленген, келтірілген)

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	X (1,1)	X (1,2)		X (1, n-2)	X (1, n-1)	X (1, n)
2	X (2,1)	X (2,2)		X (2, n-2)	X (2, n-1)	x
3	X (3,1)	X (3,2)	...	X (3, n-2)	x	x
...	x	x	x
n-1	X (n-1,1)	X (n-1,2)	x	x	x	x
n	X (n,1)	x	x	x	x	x

Ескертпе:

X (i,j)- i-ші кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша j-ші кезеңнің соңындағы төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар;

n- төлемдер туралы деректер қаралатын кезеңдердің саны;

есепті күндегі Шығындар кестесінде сақтандыру жағдайларының басталу кезеңдері бойынша топтастырылған төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар көрсетіледі.

_____ жинақталған шығындар кестесі
сақтандыру шарттары тобы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Жинақталған шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	S(1,1)=X (1,1)	S(1,2) =X (1,1) + X (1,2)	...	S(1,n-2) =X (1,1) + X (1,2)+ ... + X (1,n-2)	S(1,n-1) = X (1,1) + X (1,2)+ ... + X (1,n-2) + X (1,n-1)	S(1,n) =X (1,1) + X (1,2)+... + X (1,n)
2	S(2,1)=X (2,1)	S(2,2) =X (2,1) + X (2,2)	...	S(2,n-2) =X (2,1) + X (2,2)+... + X (2,n-2)	S(2,n-1) =X (2,1) + X (2,2)+ ... + X (2,n-2) + X (2,n-1)	x
3	S(3,1)=X (3,1)	S(3,2)=X (3,1) + X (3,2)	...	S(3,n-2) =X (3,1) + X(3,2)+ ... + X (3,n-2)	x	x
...	x	x	x
n-1	S(n-1,1)=X (n-1,1)	S(n-1,2)= X (n-1,1) + X (n-1,2)	x	x	x	x
n	S(n,1)= X (n,1)	x	x	x	x	x

Ескертпе: Жинақталған шығындар кестесінде сақтандыру жағдайларының басталу кезеңдері бойынша топтастырылған төлемдердің (төленген шығындардың) немесе келтірілген шығындардың жиынтықты шамасы көрсетіледі.

Шығындардың даму коэффициенттерінің кестесі g(j) _____

Шығындардың даму әдісі (орташа арифметикалық, орташа n- кезеңдер үшін, орташа шамасы)

Шығындардың басталу кезеңі (i)	Шығындардың даму факторлары (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	$F(1,1) = \frac{S(1,1)}{S(1,1)}$	$F(1,2) = \frac{S(1,3)}{S(1,2)}$			$F(1, n-2) = F(1, n-2) = \frac{S(1, n)}{S(1, n-1)}$	x
2	$F(2,1) = \frac{S(2,1)}{S(2,1)}$	$F(2,2) = \frac{S(2,3)}{S(2,2)}$			$F(2, n-2) = \frac{S(2, n-1)}{S(2, n-2)}$	x
3	$F(3,1) = \frac{S(3,1)}{S(3,1)}$	$F(3,2) = \frac{S(3,3)}{S(3,2)}$		x	x	x
...	x	x	x
n-1			$F(n-1,3) = \frac{S(n-1,3)}{S(n-1,2)}$	x	x	x
n	x	x	x	x	x	x
Шығындардың даму коэффициенттері g(j)						
g(j)	1	2	...	n-2	n-1	n
орташа арифметикалық						x
орташа n- кезеңдер үшін						x
орташа шамасы						x

Ескертпе: Шығындардың даму коэффициенттері кестесінде мәлімделген шығындардың жиынтықты шегінің бір төлем жасау кезеңінен келесісіне тиісінше ұлғаюына қатысты шығындардың даму F(i,j) факторлары мынадай формула бойынша анықталады:

Шығындардың даму факторы = $F(i,j) = S(i,j+1)/S(i,j)$.

Шығындардың даму коэффициенттері g(j) шығындардың басталу кезеңдері бойынша шығындардың даму факторларының орташа алынған мәні ретінде есептеледі.

_____ бойынша болжамды жинақталған шығындар кестесі сақтандыру шарттары тобы

--	--

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Болжамды жинақталған шығындар					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	x	x	x	x	x	x
2	x	x	x	x	x	$UL(2,n) = S(2, n-1) * g(n-1)$
...
n-1	x	x	...	$S(n-1,2) * g(2) * \dots * g(n-3)$	$S(n-1,2) * g(2) * \dots * g(n-2)$	$UL(n-1,n) = S(n-1,2) * g(2) * \dots * g(n-1)$
n	x	$S(n,1) * g(1)$...	$S(n,1) * g(1) * g(2) * \dots * g(n-3)$	$S(n,1) * g(1) * g(2) * \dots * g(n-2)$	$UL(n,n) = S(n,1) * g(1) * g(2) * \dots * g(n-1)$

Ескертпе: Болжанған жинақталған шығындар кестесінде әрбір кезеңдегі күтілетін шама немесе әрбір кезеңдегі келтірілген шығындар анықталады.

Төлемдердің немесе келтірілген шығындардың күтілетін шамасы Жинақталған шығындар кестесіндегі және шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$ кестесіндегі шығындар пайда болған кезеңде жинақталған төлемдер немесе келтірілген шығындардың көбейтіндісі $S(i, j-1)$ ретінде есептеледі.

_____ бойынша шығындар кестесі
сақтандыру шарттары тобы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Шығындардың болжамды жинақталуы						Кезеңдер бойынша шығындар шамасы
	1	2	...	n-2	n-1	n	
1	x	x	x	x	x	x	x
2	x	x	x	x	x	$UL(2,n) = S(2, n-1) * g(n-1)$	$UL(2,n) - S(2, n-1)$
...
n-1	x	x	...	$S(n-1,2) * g(2) * \dots * g(n-3)$	$S(n-1,2) * g(2) * \dots * g(n-2)$	$UL(n-1,n) = S(n-1,2) * g(2) * \dots * g(n-1)$	$UL(n-1,n) - S(n-1,2)$
n	x	$S(n,1) * g(1)$...	$S(n,1) * g(1) * g(2) * \dots * g(n-3)$	$S(n,1) * g(1) * g(2) * \dots * g(n-2)$	$UL(n,n) = S(n,1) * g(1) * g(2) * \dots * g(n-1)$	$UL(n, n) - S(n,1)$

_____ бойынша болған, бірақ мәлімделмеген шығындар кестесі
сақтандыру шарттары тобы

	Кезеңдер бойынша туындаған шығындар	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар	Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	1	2	3
1			
2			
3			
...			
n-1			
n			
Жиынтығы			

Ескертпе:

Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар кестесінде мыналар көрсетіледі:

"Кезеңдер бойынша туындаған шығындар" бағанында - тиісті кезеңдердегі шығындар мәндері;

"Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар" бағанында - тиісті кезеңдердегі мәлімделген шығындар сомасы;

"Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар" бағанында - тиісті кезеңдегі "Кезеңдер бойынша туындаған шығындар" және "Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар" бағандарының арасындағы айырмашылық. Теріс айырмашылық болған жағдайда "Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар" бағанында 0 (нөл) мәні қабылданады;

егер есеп төлемдерге негізделсе, онда БМШР - бұл Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві кестесінің 3-бағанында көрсетілген болған, бірақ мәлімделмеген шығындар сомасы, егер есеп келтірілген шығындарға негізделсе, онда БМШР - бұл кезеңдер бойынша шығындар резервінің сомасы болады.

Халықаралық қаржылық
есептілік стандарттарына сәйкес
сақтандыру міндеттемелерін
бағалауға және олардың
құрылымына
қойылатын талаптарға
2-қосымша

Болған, бірақ мәлімделмеген шығындарды тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетумен есептеу

Есепті кезең: 20__ жылғы "___" "___" _____" жағдай бойынша

Нысан

_____ бойынша есепті күнге шығындар кестесі

сақтандыру шарттары тобы

Шығындар кестесі _____ шығындар негізінде құрылды

(төленген, келтірілген)

Сақтандыру жағдайларын	
------------------------	--

ың басталу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

Ескертпе: есепті күндегі Шығындар кестесінде сақтандыру жағдайларының басталу кезеңдері бойынша топтастырылған төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар көрсетіледі.

Әрбір өткен кезеңдегі инфляция бойынша ақпарат кестесі

Кезеңдер	Әрбір өткен кезеңдегі инфляция (пайызбен)
1	
2	
3	
...	
n-1	
n	

Ескертпе: Әрбір өткен кезеңдегі инфляция бойынша ақпарат кестесінде сақтандыру жағдайларының басталу кезеңдеріне ресми инфляциялық мәндердің жинақталған мәндері көрсетіледі.

_____ бойынша әрбір өткен кезеңдегі инфляцияға түзетілген шығындар кестесі

сақтандыру шарттары тобы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Әрбір өткен кезеңдегі инфляцияға түзетілген кезеңдер бойынша шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

_____ бойынша әрбір өткен кезеңдегі инфляцияға түзетумен жинақталған шығындар кестесі

сақтандыру шарттары тобы

--	--

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Әрбір өткен кезеңдегі инфляцияға түзетілген кезеңдер бойынша шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

Шығындардың даму коэффициенттерінің кестесі g(j)

шығындардың даму әдісі (орташа арифметикалық, орташа n- кезеңдер үшін, орташа шамасы)

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Шығындардың даму факторлары (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

Шығындардың даму коэффициенттері g(j)

g(j)	1	2	...	n-2	n-1	n
орташа арифметикалық						x
орташа n- кезеңдер үшін						x
орташа шамасы						x

_____ бойынша өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетілген шығындармен болжамды жинақталған шығындар кестесі сақтандыру шарттары тобы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетілген шығындардың болжамды жинақталуы					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	x	x	...	x	x	x

2	x	x	...	x	x	
3	x	x	...	x		
...
n-1	x	x	...			
n	x					

_____ бойынша өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен шығындар резервінің кестесі сақтандыру шарттары тобы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетілген шығындардың болжамды жинақталуы						Кезеңдер бойынша шығындар шамасы
	1	2	...	n-2	n-1	n	
1	x	x	...	x	x	x	0
2	x	x	...	x	x		
3	x	x	...	x			
...
n-1	x	x	...				
n	x						
Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен шығындар шамасы							

_____ бойынша болған, бірақ мәлімделмеген шығындар кестесі сақтандыру шарттары тобы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша туындаған шығындар	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар	Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар
	1	2	3
1			
2			
3			
...			
n-1			
n			
Жиынтығы			

Ескертпе:

Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар кестесінде мыналар көрсетіледі:

"Кезеңдер бойынша туындаған шығындар" бағанында - тиісті кезеңдердегі шығындар мәндері;

"Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар" бағанында - тиісті кезеңдердегі мәлімделген шығындар сомасы;

"Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар" бағанында - тиісті кезеңдегі "Кезеңдер бойынша туындаған шығындар" және "Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар"

бағандарының арасындағы айырмашылық. Теріс айырмашылық болған жағдайда " Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар" бағанында 0 (нөл) мәні қабылданады;

егер есеп төлемдерге негізделсе, онда БМШР - бұл Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві кестесінің 3-бағанында көрсетілген болған, бірақ мәлімделмеген шығындар сомасы, егер есеп келтірілген шығындарға негізделсе, онда БМШР - бұл кезеңдер бойынша туындаған шығындар сомасы болады.

Халықаралық қаржылық
есептілік стандарттарына сәйкес
сақтандыру міндеттемелерін
бағалауға және олардың
құрылымына қойылатын
талаптарға
3-қосымша

Борнхьюттер-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson) әдісімен болған, бірақ мәлімделмеген шығындар шамасын есептеу

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " " _____ " жағдай бойынша

Нысан

_____ бойынша есепті күнге шығындар кестесі
сақтандыру шарттарының тобы
Шығындар кестесі _____ шығындар негізінде
қалыптастырылған
(төленген, келтірілген)

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	X (1,1)	X (1,2)		X (1, n-2)	X (1, n-1)	X (1, n)
2	X (2,1)	X (2,2)		X (2, n-2)	X (2, n-1)	x
3					x	x
...	x	x	x
n-1	X (n-1,1)	X (n-1,2)	x	x	x	x
n	X (n,1)	x	x	x	x	x

Ескертпе:

X (i,j) – i-кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша j-кезеңнің соңындағы төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар;

n – шығындар туралы деректер қаралатын кезеңдердің саны;

есепті күндегі Шығындар кестесінде сақтандыру жағдайлары басталған кезеңдер бойынша топтастырылған төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар көрсетіледі.

_____ бойынша жинақталған шығындар кестесі

сақтандыру шарттарының тобы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Жинақталған шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	$S(1,1)=X(1,1)$	$S(1,2) = (X(1,1) + X(1,2))$...	$S(1,n-2) = (X(1,1) + X(1,2) + \dots + X(1,n-2))$	$S(1,n-1) = (X(1,1) + X(1,2) + \dots + X(1,n-2) + X(1,n-1))$	$S(1,n) = (X(1,1) + X(1,2) + \dots + X(1,n))$
2	$S(2,1)=X(2,1)$	$S(2,2) = (X(2,1) + X(2,2))$...	$S(2,n-2) = (X(2,1) + X(2,2) + \dots + X(2,n-2))$	$S(2,n-1) = (X(2,1) + X(2,2) + \dots + X(2,n-2) + X(2,n-1))$	x
3	$S(3,1)=X(3,1)$	$S(3,2) = (X(3,1) + X(3,2))$...	$S(3,n-2) = (X(3,1) + X(3,2) + \dots + X(3,n-2))$	x	x
...	x	x	x
n-1	$S(n-1,1)=X(n-1,1)$	$S(n-1,2) = (X(n-1,1) + X(n-1,2))$	x	x	x	x
n	$S(n,1) = X(n,1)$	x	x	x	x	x

Ескертпе: Жинақталған шығындар кестесінде жиынтықты төлемдер (төленген шығындар) немесе сақтандыру жағдайлары басталған кезеңдер бойынша топтастырылған келтірілген шығындар көрсетіледі.

Шығындардың даму коэффициенттері кестесі g(j)

шығындарды дамыту әдісі (орташа арифметикалық, орташа n-кезеңдер, орташа шама)

Шығындардың басталу кезеңі (i)	Шығындарды дамыту факторлары (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	$F(1,1) = \frac{S(1,1)}{S(1,1)}$	$F(1,2) = \frac{S(1,3)}{S(1,2)}$...	$F(1,n-2) = \frac{S(1,n)}{S(1,n-1)}$	$F(1,n-1) = \frac{S(1,n)}{S(1,n-1)}$	
2	$F(2,1) = \frac{S(2,1)}{S(2,1)}$	$F(2,2) = \frac{S(2,3)}{S(2,2)}$...	$F(2,n-2) = \frac{S(2,n-1)}{S(2,n-2)}$	$F(2,n-1) = \frac{S(2,n-1)}{S(2,n-2)}$	x
3	$F(3,1) = \frac{S(3,1)}{S(3,1)}$	$F(3,2) = \frac{S(3,3)}{S(3,2)}$...	x	x	x
...	x	x	x
n-1	$F(n-1,1) = \frac{S(n-1,1)}{S(n-1,1)}$	$F(n-1,2) = \frac{S(n-1,3)}{S(n-1,2)}$...	x	x	x
n	x	x	x	x	x	x

Шығындардың даму коэффициенті $g(j)$						
$g(j)$	1	2	...	$n-2$	$n-1$	n
орташа арифметикалық						x
орташа n-кезеңдер						x
орташа шама						x

Ескертпе: Шығындардың даму коэффициенттері кестесінде бір ақы төлеу кезеңінен кейінгіге қарай мәлімделген шығындардың бірлескен шамасына сәйкес келетін шығындардың даму факторлары $F(i,j)$ мына формула бойынша анықталады:

$$F(i,j) = S(i,j+1) / S(i,j)$$

Шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$ шығындардың басталу кезеңдері бойынша шығындардың даму факторларының орташа мәні ретінде есептеледі.

Коэффициенттер кестесі

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Шығындардың даму коэффициенті $g(j)$	Шығындардың даму факторлары $f(j)$	Кешігу факторлары $h(j) = 1 - 1/f(j)$
1	1	1	$1 - 1/1$
2	$g(n-1)$	$1 * g(n-1)$	$1 - 1/(g(n-1))$
3	$g(n-2)$	$1 * g(n-1) * g(n-2)$	$1 - 1/(1 * g(n-1) * g(n-2))$
...
$n-1$	$g(2)$	$1 * g(n-1) * g(n-2) * \dots * g(2)$	$1 - 1/(1 * g(n-1) * g(n-2) * \dots * g(2))$
n	$g(1)$	$1 * g(n-1) * g(n-2) * \dots * g(2) * g(1)$	$1 - 1/(1 * g(n-1) * g(n-2) * \dots * g(2) * g(1))$

Ескертпе: Коэффициенттер кестесінде:

"Шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$ " бағанында - Шығындардың даму коэффициенттері кестесінде $g(j)$ көрсетілген шығындардың даму коэффициенттерінің мәні;

"Шығындардың даму факторлары $f(j)$ " бағанында - шығындардың даму коэффициенттерінің жинақталған мәні;

"Кешігу факторлары $h(j)$ " бағанында - $1 - 1/f(j)$ тең мәндер көрсетіледі, мұнда $f(j)$ даму факторы болып табылады.

Полистер бойынша шығындылық коэффициентін есептеу кестесі

Қаржы жылы (y)	Келтірілген шығындар	Еңбек сіңірілген сыйлықақылар	Полистер бойынша шығындылық коэффициенті
1	2	3	4
1	UL(1)	UP(1)	$U(1) = UL(1) / UP(1)$
2	UL(2)	UP(2)	$U(2) = UL(2) / UP(2)$
...

m-1	UL(m-1)	UP(m-1)	U(m-1)=UL(m-1)/UP(m-1)
m	UL(m)	UP(m)	U(m)=UL(m)/UP(m)

Ескертпе: Шығындылық коэффициентін есептеу кестесінде:

"Келтірілген шығындар" бағанында сақтандыру жағдайларының басталу кезеңінің алдындағы қаржы жылы күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша шығындарды реттеу шығыстарын қоса алғанда, есепті күнгі жағдай бойынша келтірілген шығындардың мәндері көрсетіледі;

"Еңбек сіңірілген сыйлықақылар" бағанында сақтандыру жағдайларының басталу кезеңінің алдындағы қаржы жылы күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша еңбек сіңірілген сыйлықақы көрсетіледі;

U шығындылық коэффициенті мынадай формула бойынша айқындалады:

$$U = [U(1) + U(2) + \dots + U(m)]/m, \text{ мұнда:}$$

U(m) - сақтандыру жағдайларының басталу кезеңінің алдындағы m-шы қаржы жылы үшін полистер бойынша тиісті қаржы жылы күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша шығындарды реттеу шығыстарын қоса алғанда, келтірілген шығындар шамасының көрсетілген шарттар бойынша есепті күнгі еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақыларына қатынасы ретінде есептелетін шығындылық коэффициенттері;

m - қаржы жылының саны.

Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві кестесі

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Еңбек сіңірілген сыйлықақылар	U шығындылық коэффициенті	Күтілетін түпкілікті шығындар z(i)	Кешігу факторлары h(j)	Болған, бірақ есепті күнге төленбеген шығындар R(i)	Мәлімделген, бірақ есепті күнге реттелмеген шығындар	Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар
	1	2	3=1*2	4	5=3*4	6	7=5-6
1							
2							
3							
...							
n-1							
n							
Жиынтығы							

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес сақтандыру міндеттемелерін бағалауға және олардың құрылымына қойылатын талаптарға 4-қосымша

Кезеңділік	1	2	...	n-2	n-1	n
1	$X(1,1) + Y(1,1)$	$X(1,1) + X(1,2) + Y(1,2)$		$X(1,1) + \dots + X(1, n-2) + Y(1, n-2)$	$X(1,1) + \dots + X(1, n-2) + X(1, n-1) + Y(1, n-1)$	$X(1,1) + \dots + X(1, n-1) + X(1, n) + Y(1, n)$
2	$X(2,1) + Y(2,1)$	$X(2,1) + X(2,2) + Y(2,2)$		$X(2,1) + \dots + X(2, n-2) + Y(2, n-2)$	$X(2,1) + \dots + X(2, n-2) + X(2, n-1) + Y(2, n-1)$	x
3	$X(3,1) + Y(3,1)$	$X(3,1) + X(3,2) + Y(3,2)$...	$X(3,1) + \dots + X(3, n-2) + Y(3, n-2)$	x	x
...	x	x	x
n-1	$X(n-1,1) + Y(n-1,1)$	$X(n-1,1) + X(n-1,2) + Y(n-1,2)$	x	x	x	x
n	$X(n,1) + Y(n,1)$	x	x	x	x	x

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі
Басқармасының
2025 жылғы " " " _____"
№ _____ қаулысымен
бекітілген

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Талаптар осы қаулының 4-тармағына сәйкес 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі.

Сақтандыру міндеттемелерін бағалауды автоматтандыруға қойылатын талаптар

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру міндеттемелерін бағалау процесін автоматтандыруды қамтамасыз етуге міндетті.

2. Сақтандыру міндеттемелерін бағалауды автоматтандыру үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мынадай функциялардың орындалуын қамтамасыз ететін сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын бағалау үшін ақпараттық жүйенің немесе жүйе құрайышының (модульдің, кіші жүйенің) болуын қамтамасыз етеді:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын біріктіру және сегменттеу;

2) сақтандыру міндеттемелерін бағалаудың барлық қажетті модельдері бойынша актуарлық есептеулер, оның ішінде күтілетін ақша ағындарының келтірілген құнын, тәуекелге түзетуді және шартпен көзделген қызметтерге арналған маржаны есептеу;

3) негізгі актуарлық жорамалдардың өзгерістерін есепке алу және бақылау.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын бағалауға арналған ақпараттық жүйе есепке алу деректерінің толық, дұрыс және өзекті болуын қамтамасыз ету үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында пайдаланылатын бухгалтерлік есептің,

есептіліктің және бақылаудың басқа ақпараттық жүйесімен (жүйелерімен) интеграциялануы тиіс.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын бағалауға арналған ақпараттық жүйе немесе жүйенің құраушы (модуль, кіші жүйе) актуарлық жорамалдарды және есепке алу деректерін бағалау үшін пайдаланылатын өзге де жорамалдарды жүктеу мүмкіндігіне ие болуға тиіс.

5. Ақпараттық жүйеде немесе жүйенің құрамдас бөлігінде (модуль, ішкі жүйе) актуарлық есептеулердің логикасы қарау және редакциялау үшін қолжетімді болуы тиіс.

Бұл ретте сақтандыру ұйымында ақпараттық жүйеде немесе жүйенің құрамдас бөлігінде (модуль, кіші жүйе) актуарлық есептеулер логикасына өзгерістер енгізудің ішкі тәртібі болуға тиіс, ол сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құжаттандыру, тексеру, тестілеу және атқарушы органның бекіту кезеңдерін қамтитын бекітудің ішкі рәсімінен өтуге тиіс.

Ақпараттық жүйеде немесе жүйенің құрамдас бөлігінде (модуль, ішкі жүйе) актуарлық есептеулер логикасына енгізілген өзгерістер тарихы сақталуы және толық қадағалануы тиіс. Жүйе өзгертулер енгізген пайдаланушыны, осындай өзгерістердің күні мен мазмұнын сәйкестендіруге, сондай-ақ кейіннен бақылау үшін есептеу алгоритмдерінің тиісті нұсқаларын сақтауға мүмкіндік беруі керек.

6. Ақпараттық жүйе пайдаланушылардың лауазымдық міндеттеріне сәйкес функциялар мен деректерге қол жеткізу құқықтарының аражігін ажыратуды қамтамасыз етуі тиіс.

7. Жүйеде пайдаланушылардың іс-қимыл журналы жүргізіледі, бұл өзгерістер енгізуді және ақпаратты пайдалануды бақылауға мүмкіндік береді.

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) міндеттемелерін бағалауға арналған ақпараттық жүйе немесе жүйенің құрамдас бөлігі (модуль, кіші жүйе) төмендегі мүмкіндіктерді көздейтін интерфейстің болуын қамтамасыз етуі тиіс:

1) сақтандыру міндеттемелерін бағалау бойынша калькуляцияның толық процесін іске қосу;

2) калькуляция процесінің жекелеген кезеңдерін іске қосу (күтілетін ақша ағындарын, тәуекелдік түзетулерді, шартта көзделген қызметтер үшін маржаны есептеуді қоса алғанда);

3) деректерді толық қайта өңдеуді қажет етпей, калькуляция процесінің бір немесе бірнеше кезеңдерін қайта іске қосу;

4) автоматтандырылған жүйеде калькуляция процесінің әрбір кезеңінің орындалуының ағымдағы мәртебесін мониторингтеу және қадағалау.

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) міндеттемелерін бағалауға арналған ақпараттық жүйе немесе жүйенің құрамдас бөлігі (модуль, кіші жүйе) мыналарды қамтитын толық және өзекті құжаттандыруға ие болуы тиіс:

- 1) жүйенің архитектурасын, қолданылатын алгоритмдерді және актуарлық есептеулер логикасын сипаттау;
- 2) жүйеде іске асырылатын бизнес-процестердің сипаттамасы;
- 3) жүйенің пайдаланушылары мен әкімшілеріне арналған нұсқаулар;
- 4) алу форматы мен көзін қоса алғанда, кіріс және шығыс деректерінің тізбесі мен сипаттамасы;
- 5) анықтамалық ақпарат пен актуарлық жорамалдарды жаңарту және олардың дәйектілігін тексеру регламенті;
- 6) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қолжетімділікті бақылау рәсімдерінің сипаттамасы;
- 7) жүйенің нұсқалары және өзгерістер тарихы туралы мәліметтер (функционалдылық жаңартуларын, есептеу логикасын, деректер құрылымын және т.б. қоса алғанда).

Құжаттама өзекті күйінде сақталуы тиіс.

10. Сақтандыру міндеттемелерін бағалау процесін автоматтандыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкері жауапты болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі
Басқармасының
2025 жылғы " __ " _____ "
№ __ қаулысымен
бекітілген

Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне қойылатын талаптар

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап бір ай ішінде осы Талаптарға сәйкес Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесін әзірлеуге және бекітуге тиіс.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметін жүзеге асыруға лицензия алған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру қызметін (қайта сақтандыру жөніндегі қызметті) жүзеге асыру құқығына лицензия алған күннен бастап бір ай ішінде Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесін әзірлеп, бекітеді.

3. Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесін, сондай-ақ Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атқарушы органы бекітеді және оны уәкілетті органмен келісіледі.

4. Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесі мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) тәуекелдердің біртектілігі, шарттарды басқару және жасау кезеңдерінің өлшемшарттарын қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының портфельдері мен топтарын анықтау қағидалары;

2) ауыртпалыққа арналған тест сипаттамасын қоса алғанда, шарттарды бастапқы тану күніне ауыртпалықты және ауыртпалықсыз шарттарға жіктеу тәртібі;

3) сақтандыру шарттарының барлық түрлері бойынша бағалау моделі (бағалаудың жалпы моделі немесе сақтандыру сыйлықақысын бөлу әдісі);

4) оның қолданылуына тестті қоса алғанда, сақтандыру сыйлықақысын бөлу әдісін қолдану өлшемшарттары;

5) сақтандыру шарттарының топтары бойынша сақтандыру міндеттемелерін бағалаудың, оның ішінде күтілетін болашақ ақша ағындарын (кіріс және шығыс), дисконттау факторын, болашақ ақша ағындарының келтірілген құнын, болашақ ақша ағындарының болжамын есептеудің толық тәртібін ашатын егжей-тегжейлі тәртібі;

6) нарықтық дереккөздерін көрсете отырып, дисконттау мөлшерлемесін айқындау өлшемшарттары мен әдістері;

7) сипаттаманы және актуарлық болжамдарды қоса алғанда, тәуекелдік түзетуді айқындау әдісі;

8) аквизициялыққа жатқызылған шығыстардың тізбесі, оның ішінде: тікелей және жанама шығыстар, шарттар топтарын тану және жатқызу өлшемшарттары;

9) қайта сақтандырушының қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерін орындамау тәуекелін бағалау өлшемшарттары;

10) негізгі өлшемдері, болжамдарды және есептік бағалауларды жаңарту қағидалары мен кезеңділігі;

11) сақтандыру міндеттемелерін есептеу кезінде пайдаланылатын статистикалық ақпаратты жинау, верификациялау және сақтау тәртібі;

12) қадағалау және аудит мақсаттары үшін әдістеменің сақталуын және қолжетімділігін қоса алғанда, есептерді, болжамдарды және нәтижелерді құжаттандыру рәсімдері;

13) олардың функционалдық міндеттерін, сондай-ақ қаржы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылының бизнес-процестерін сипаттай отырып, сақтандыру міндеттемелерін бағалау процесіне қатысатын қаржы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі;

14) шығын құрауышын айқындау тәртібі;

15) шығындарды ірі деп тану критерийлері;

16) актуарлық болжамдардың тізімі мен қолдану тәртібі.

Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесінде осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген толық емес тізбелерді және (немесе) ақпаратты айқындауға жол берілмейді.

Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесінде көрсетілмеген көздерге, құжаттарға, ақпаратқа және (немесе) негіздерге сілтемелерді Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесінде пайдалануға жол берілмейді.

5. Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесі біртекті белгілері бар сақтандыру шарттарының негізделген және статистикалық расталған сегментациясын қамтиды (жеткілікті статистика болмаған кезде сегменттеудің сараптамалық негіздемесіне жол беріледі), сондай-ақ:

1) біртекті белгілері бар сақтандыру шарттарын сегменттеу үшін қолданылатын өлшемшарттар тізімі (өнім түрі, мерзімі, саласы, тәуекелі және басқа да өлшемшарттар);

2) біртекті белгілері бар сақтандыру шарттарын сегменттеуді статистикалық талдауға тәсілдердің сипаттамасы (оның ішінде статистиканың біркелкілігін, жеткіліктілігін талдау және басқа құрауыштар), сондай-ақ сараптамалық тәсілді қолданған жағдайда сараптамалық тәсіл негізінде сегменттеуді сипаттау және негіздеу.

6. Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мынадай бір немесе бірнеше негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1) бекітілген Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесінің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;

2) Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесінде көрсетілген сақтандыру міндеттемелерінің мөлшерін және олардың функционалдық міндеттерін айқындау процесіне қатысатын қаржы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің тізбесін өзгерту;

3) сақтандыру міндеттемелерін бағалаудың дәлдігін арттыру және олардың мөлшерін айқындау тәртібін жақсарту;

4) бірегей Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесін әзірлеуді талап ететін ақша ағындарының құрылымында және тәуекел деңгейінде ерекшеліктерді көздейтін жаңа сақтандыру өнімдерін іске қосу.

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі
Басқармасының
2025 жылғы "___" "_____"
№ ___ қаулысымен
бекітілген

Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесін келісу тәртібі мен мерзімдеріне қойылатын талаптар

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атқарушы органы бекіткен, Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесінің және (немесе) Сақтандыру

міндеттемелерін бағалау әдістемесіне енгізілетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмелерін және Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне осы Талаптарға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атқарушы органы Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесін және (немесе) сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды бекіткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атқарушы органы бекіткен Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесінің және (немесе) Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне енгізілетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмелерін қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган осы Талаптардың 1-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне және (немесе) осы Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға ескертулерінің бар немесе жоқ екендігі туралы осы Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама жібереді.

Сақтандыру қызметінің мәселелері бойынша бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру барысында уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне және (немесе) осы Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға ескертулерінің бар немесе жоқ екендігі туралы ақпаратты осы Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.

Уәкілетті органның ескертулерін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген хабарламаларды алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей жояды.

Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесінің Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне қойылатын талаптардың 6-тармағында көзделген бір немесе бірнеше негіздер бойынша өзгертуге және (немесе) толықтыруға жататын ережелері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органның ескертулерін жойғанға дейін , сондай-ақ оларды халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіргенге дейін қолданылмайды.

Сақтандыру міндеттемелерін
бағалау әдістемесін келісу
тәртібі мен мерзімдеріне
қойылатын талаптарға
1-қосымша

Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат

Қаржы ұйымының толық атауы: _____

—
20__ жылғы " __ " _____ " жағдай бойынша
(мың теңгемен)

№	Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесінің тармағы, тармақшасы	Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгенге дейінгі редакция	Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейінгі редакция	Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу негіздері және Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу негіздеріне түсіндірмелер	Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар нәтижесінде сақтандыру міндеттемелері мөлшерінің өзгеруін есептік бағалау
1	2	3	4	5	6
1					
2					

Актуарий _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы лицензия №

Бірінші басшы немесе

ол Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесін және (немесе) Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды бекітуге уәкілеттік берген тұлға

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесін келісу тәртібі мен мерзімдеріне қойылатын талаптарға
2-қосымша

Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне және (немесе) Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға ескертулердің бар немесе жоқ екендігі туралы ақпарат

Қаржы ұйымының толық атауы: _____

20__ жылғы " __ " _____ " жағдай бойынша

Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне және (немесе) Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға ескертулердің жоқ екендігі туралы				
Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне және (немесе) Сақтандыру міндеттемелерін бағалау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға жоғарыда келтірілген кестеге сәйкес ескертулердің бар екендігі туралы				
р/с №	Құрылымдық элементтің нөмірі	Құрылымдық элементтің редакциясы	Ескерту	Жою мерзімі
1.				
2.				
...				

Уәкілетті органның басшысы
немесе басшының орынбасары _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы